

• АҚЫН ЖҮРСІН ЕРМАН - 60 ЖАСТА

Иә, атам қазақ сәтті күнге балайтын сәрсенбіде қазыналы Қарағанды көгін рухты жыр кернеді. Ақыны әкімін емес, әкімі ақынын іздеген елдің текті ұрпағы асқаралы 60-қа толған ақын ұлына құрмет көрсету арқылы қастерлі қазақ жырының мерейін аспандатты.

...Япыр-ай, десеңші! Ақындар болмысы Табиғат-Анасына қалай ғана айнымай тартқан?! Түске дейін жер апшысын қуыра ми қайнатқан күннің көзін түс ауа қазбауыр



Арман Қырықбаев

бұлттар бүркей қалды да, Арқаның ақ жауыны Алланың нұрын себелеп берді. Жел тұрып, желегіміз желкілдей жөнелді. Бір мезгілде күн көзі қайта шақыра қалды. Қүдіретке дауа бар ма?! Ақын - Табиғат перзенті. Анасынан аумай қалған...

Дәл осы күні аулымызға сән-салтанаты жарасқан жырдың көші керуен басын тіреген еді. Орталарында - Жүрсін Ерман. Қалғандары - шайырдың шашбауын көтерешілер. Өсер елдің ұрпағы осылай керуендетсе керек.

Көптей көріп, құрметтеген аз ұлын,
Қарағанды - маңдайдағы жазуым.
Қарағанды - қадірімді іздесем -
Қайта айналып тауып келер қазығым!

Бұл - Алаштың ардақтысы, Арқаның аяулысы Жүрсіннің жүрегінен үзіліп, қаламының қанатына байланып, қара орманы - халқына жеткен адал сыры. Алтын қазығына ат байлаған ақын ұлын ардақ тұтып, құшақ жайып қарсы алған Арқа жұрты арқа-жарқа болды да қалды. Үзеңгіден аяғын суырған ақынды әкімдері қолтығынан демеп, қошеметпен күтіп алды. Айтпақшы, облыс әкімі Серік Ахметов іссапарда жүр екен. Бірінші орынбасары Ғабит Матаев ел ағасының жоқтығын сездірмей, шоқтығы биік ақынды лайықты сый-құрметпен қабылдады. Астына ат мінгізіп, иығына шапан жапты.

Бұдан кейін туған елде ту көтерген жыр көші облыстық әмбебап кітапханаға ат шалдырып, Абайдан қалған ұлы жырдың Арқадағы жас перілерімен кездесті. Ақсұңқардың Серігінің 40-тан астам абаданары жыр оқып, ақын ағаларымен сырласты. Аманат-жырдың қасиетті топырақтағы мұрагерлерінің дүбірі Жүрсінге, Жайлыбайдың Ғалымына таусық емес. Олар біледі, артындағы талантты шоғырдың аламаннан ат оздырып жүргенін. Керемет толқынның алапат адуынына керемізге

Жүректерге нұр құйды


Жүрсін жыры



Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері, жерлесіміз Жүрсін Ерманның 60 жасқа толуына арналған туған жер төсіндегі той дүбірі облыс орталығы – Қарағандыдан бастау алды.




Ғалым Жайлыбай



Жанболат Аупбаев



Несіпбек Айтұлы



Ұлықбек Есдәулет

еңбегі - қандай құрметке болса да, лайық. Қасиетті Ұлытаудан түлеп ұшып, Алатау қиясында қырандай самғаған Жүкеннің айтысты тірілтудегі тірнегі белгілі айтыскер Айтбай Жұмағұловтың жыр-шашуында тереңінен қозғалды. Ақын жырынан кейін сахна төріне ерке ұлға елдің сөзін арнау үшін облыс әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев шақырылды.

- Мен ақпан айында Жүрсін ақынның Алатау бөктерінде өткен тойында «Жүке, жер аяғы кеңіген соң өзіңді елде күтеміз. Тойыңызды туған жер топырағында дүбірлетіп өткізуге әзірміз. Елге келесіз, лайықты сый-құрметіңізді көресіз» деп ел

...Қарағанды қара бақан секілді Қазақстан шаңырағын тіреп тұр! - деп, рухтана көсілсе, енді бірде:

...Қиратып жатыр Қасымның үйін, - деп мұнаяды. Тағы бірде:

...Алты алаштың арманын арқалаған Асып туған атадан қазақ қайда?! - деп, дүниенің боғын емес, ұлтының жоғын іздеп, шарқ ұрады. Қалжың-қағытпасы да жоқ емес.

Жүрсін-жыр болып төгілген қасиетті музаның мерекесі көңілімізге бірде нұр сеуіп, бірде мұң ұялатып, шынын айтқанда, тұла бойымыз бір ысынып, бір суынып, жанымызды бір тылсымның құшағына

Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай

«...Сарыарқаның сағымын сағынғанда Көріп жүрсем жарайды төбеңді бір», - деп сыр тербесе, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Ұлықбек Есдәулет, ақынның досы, белгілі көсемсөз шебері Жанболат Аупбаев, көрнекті ақын Несіпбек Айтұлы ескі күннің есті шағынан естеліктер ақтарып, Жүкеңе арнаған жырларын оқыды. Көлгірсімей-ақ, нас таланттың көп көңілімен үндес шығатындай шынайы бағасын берді.

Күй күмбірлеп, ақын сөзіне жазылған әуезді ән қалықтады. Кештің соңын ала

ат байлаған меймандар таңдай қағып, бас шайқады. Олардың ішінен:

- Орысы ормандай Қарағандыда Ақсұңқарұлы қалай шыдап жүр десек, маңайындағы маркаскалары қуатты екен ғой. Жарыса жыр оқитын жас қырандары Серікті сергелденге бермейді екен, - деп жатқандарын да құлағымыз шалып қалды. Иә, біз - солаймыз.

Салтанатты сәттің сауығы Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында жалғасты. Залда ине шаншар жер жоқ. Сахнада - ұлы рух, залда - сол рухтың шырақшылары.

Айдындағы аққудай мың бұрала билеген арулар ажарлы кештің шымылдығын түрді. Ортаға аймаңдай ақын Серік Ақсұңқарұлы көтерілді. Ақын тойының тізгіні - ақын қолында. Ендеше, не қам бар?! Жайғасып отыр да, жыр кәусарынан қанғаныңша сіміре бер. Далада - Алланың нұры, іште - ақынның жыры.

Жалпы, Жүрсін Ерманның есімін естігенде елең етпейтін жан жоқ шығар. Әсіресе, «өлең» десе, өре түрегеліп, «айтыс» десе, арқаланбай қалмайтын қазақ баласы Жүрсін ақынның жүрегімен қабылдайтыны хақ. Айтыс өнерін қайта жаңғыртуға ширек ғасырдан астам уақытын арнаған қайраткер тұлғаның киелі өнерге жасаған жүйелі

атынан қолқа салған едім. Сонда Жүкең «Рахмет, бауырым! Елдегі халқымды әбігерге салуға құштар емеспін. Халқымнан құрмет те, сый да көріп жүрмін ғой» деп, тірлігіне тілемсіздік араластыруды қаламайтын қанағатшыл болмысын, тегеурінді тектілігін танытқан болатын. Бұл - ақынға ғана тән қасиет. Ал біз осындай болмысқа ие талантты жерлесімізге лайықты құрмет көрсетуге тиіспіз, - деп, ағынан жарылды Арман Оразбайұлы. Шіркін-ай, десеңші! Әкімдері ақындарын дәл осылай құрметтей алса, қазақтың Қасымы қан жылап, Мұқағалиы мұқалмас еді ғой. Тасбауыр қоғам орға жыққан таланттарымыз бұл екеуімен шектелмейді, тағы. Төлеген, Жұматай, Жүмекен, Кеңшілік, Жарасқан, Тынышбай... Осынау оғландарымыз ойға орала қалса, Жүрсіннің алпысқа аман жеткеніне тәубе қыламыз, әрине. Жүкең теперіш те, қиянат та көріп бақты. Алла оның қаламына да, бойына да қуатты беріп баққан екен. Мұнайды, мұқалған жоқ. Әкімдерінен дәл бүгінгідей шарапат көре берсе, Жүкеңдер даусыз жүз жасайды.

Жүрек түкпіріне тілектің аяулысын құндақтаған халық Жүрсіннің күтіп, тықырып отыр. Кесек тұлғалы, кемел ойлы ақын ортаға шыққан сәттегі халықтың дүр сілкінгенін көрсеңіз...

Отты жыр. Төкті нұр. Текті ұл. Ағыл-тегіл ақтарылды келіп. Жыр нөсері. Бірде:



тарта берді.

Меймандар кезек алды. Марапаты - кемшін, сыры - басым тілектер жүректерге әлдебір сезімнің нұрын сеуіп тұр. Алаштың ардакүрені, жерлесіміз, Қазақстан

ортаға шыққан «Жүрсіннің жүйріктері» - Тілеген Әділов, Сәттібай Жүнісов, Мақсат Аханов, Дидар Қамиев, Айгүл Түсіпбекованың нөсерлете төккен жырлары кештің ажарын ашып, базарын үстемеледі.

Алдын-ала облыстық ішкі саясат басқармасы, Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалы және «Ақсораң» қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастырған Жүрсін Ерман атындағы «Бір өлең - бір әлем» мүшәйрасының қорытындысы да осы жыр кешінде жарияланды. Отызға жуық талапкер туындысын сараптаған байқауда үш үздік өлең дараланып, жас ақындар Жанат Жаңқашұлы, Мирас Асан, Алмас Мырзахметов «Жүрсін жүлдесін» иеленді.

Отты өлеңнің шырағын маздатып, жыр сүйер қауымның құмарын басқан жыр кеші ақынның туған еліне деген ақжарма көңілінің алғысымен түйінделді. Той қарсаңында Жүрсін шығармашылығына кең ауқымда шолу жасаған өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетіне деген риясыз пейілін көп алдында көлдей ақтарып, біздің де мерейімізді өсіріп тастады.

Кештен ұмытылмас әсер құшағында, артымызға қарай-қарай тарқадық. Далада жауын сіркіреп тұр. Ақын мен табиғат егіз ұғым ғой. Ақынның жыры Алланың нұрына ұласты.

Ерсін МҰСАБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Суреттерді түсірген

Ж. ИМАНӘЛІҰЛЫ.